

**БЕКІТЕМІН**  
**«ШҚО кәсіптік білім беру орталығы»**  
**КММ директорының м.а.**  
\_\_\_\_\_ **Д. Кездикбаева**  
« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ **2023 ж.**



**Абай атындағы Шығыс Қазақстан гуманитарлық  
колледжінің 100 жылдық мерейтойы аясында  
Шығыс Қазақстан облысы техникалық және кәсіптік білім беру  
ұйымдарының бірінші курс білім алушылары арасындағы  
«Тілдарын-2023» облыстық олимпиадасының  
ЕРЕЖЕСІ**

Өскемен қаласы, 2023 ж.

## 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы Ереже Шығыс Қазақстан облысы техникалық және кәсіптік білім беру жүйесі оқу орындарының бірінші курс білім алушылары арасында өтетін «Тілдарын» облыстық олимпиадасының (*бұдан әрі – Олимпиада*) мақсаты мен міндеттерін, өткізілу тәртібін, ұйымдастырушылық-әдістемелік, қаражаттық қамтамасыз етілуін, қатысу шарттарын, жеңімпаздар мен жүлдегерлерді анықтау және марапаттау тәртібін айқындайды.

1.2. Олимпиада Өскемен қаласы, Қ. Бітібаева көшесі, 1 мекенжайында орналасқан «Абай атындағы Шығыс Қазақстан гуманитарлық колледжі» КМҚК оқу орны базасында өткізіледі.

Олимпиаданың өтетін күні **2023 жылғы 13 сәуір. Басталуы сағат 09:00-де.**

1.3. Олимпиадаға ШҚО техникалық және кәсіптік білім беру жүйесі оқу орындарының 9-сынып базасында түскен, мемлекеттік және орыс тілдерінде білім алатын I курс білім алушылары қатыса алады. Колледжден қатысушылар саны 1 адам.

1.4. Олимпиадаға қатысуға өтінім (*1-қосымша сәйкес*) Олимпиаданы ұйымдастырушы мекеменің **english\_olympiad\_ykgk@mail.ru** электронды мекенжайына **2023 жылдың 10 сәуіріне дейін** жіберілуі қажет.

## 2. ОЛИМПИАДАНЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ:

2.1. Мақсаты – үш тілде (қазақ, орыс, ағылшын) коммуникативтік құзыреттілікті дамыту.

2.2. Міндеттері:

- колледж білім алушыларының тіл саясатын жүзеге асыру;
- білім алушылардың тілді меңгеруге деген қызығушылықтарын арттыру;
- жастар арасында жан-жақты дамыған, бәсекеге қабілетті тұлғаларды тәрбиелеу;
- Қазақстан халқының лингвистикалық капиталын дамыту;
- білім алушылардың тіл мәдениетін жетілдіру;
- үш тұғырлы – мемлекеттік, орыс, ағылшын тілдерін жетік меңгеруді насихаттау.

## 3. ОЛИМПИАДАНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ-ӘДІСТЕМЕЛІК ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

3.1. Олимпиаданы ұйымдастырушылар:

- «Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасы» ММ;
- «Шығыс Қазақстан облысының кәсіптік білім беру орталығы» КММ;
- «Абай атындағы Шығыс Қазақстан гуманитарлық колледжі» КМҚК.

3.2. Олимпиаданы дайындау және өткізу бойынша ұйымдастыру жұмыстарын үйлестіру және жүзеге асыру үшін тілдік пәндер оқытушылары арасынан ұйымдастыру комитеті құрылады.

Ұйымдастыру комитетінің қызметі:

- Олимпиада туралы Ережені әзірлейді;
- Олимпиадаға тікелей басшылықты жүзеге асырады;
- Олимпиаданың барлық іс-шараларының орындалуын қамтамасыз етеді;



- Олимпиада тапсырмаларын бекітеді және құпиялылығына жауап береді;
- Олимпиада жұмыстарын бағалау әдістерін және шарттарын дайындайды;
- Олимпиада материалдарының сақталуын қамтамасыз етеді.

3.3. Олимпиаданың қазылар алқасы құрамы ұйымдастыру комитетінің отырысында бекітіледі. Қазылар алқасы құрамында ШҚО кәсіптік білім беру орталығының қызметкерлері мен ЖОО қазақ тілі, орыс тілі және ағылшын тілі оқытушылары кіреді (3 - қосымша).

3.4. Қазылар алқасының төрағасы Олимпиада тапсырмаларын дайындайтын әдістемелік комиссия құрамын қалыптасырады.

Әдістемелік комиссияның қызметі:

- Олимпиада материалдарының сақталуын қамтамасыз етеді және құпиялылығына жауап береді;
- ұйымдастыру комитетіне Олимпиаданың қорытындысы жайлы есеп береді;
- Олимпиада жеңімпаздары мен жүлдегерлерін белгілейді;
- Олимпиада тапсырмалары мен сынақтарының дұрыс жауаптарын жариялайды.

3.5. Олимпиаданың ұйымдастыру комитеті Олимпиаданы өткізу бағдарламасын әзірлейді.

3.6. Олимпиаданың жеңімпаздары мен жүлдегерлері туралы ақпарат «ШҚО білім басқармасы» ММ, «ШҚО кәсіптік білім беру орталығы» КММ, «Шығыс Қазақстан гуманитарлық колледжі» КМҚК әлеуметтік желілерінде (Facebook, Instagram) жарияланады.

3.7. Ұйымдастыру комитетінің мекен-жайы: ШҚО, Өскемен қаласы, Қ. Бітібаева көшесі, 1-үй. Тел: +7 (705)-258-11-84, +7 (705)-653-67-12

#### 4. ОЛИМПИАДАНЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

4.1. Олимпиада үш кезеңнен тұрады. Бағалау балдық жүйеде жүргізіледі.

**1-кезең. Лексикалық - грамматикалық тест: 30 сұрақ (10 қазақ тілі, 10 орыс тілі, 10 ағылшын тілі)**

Берілетін уақыт –30 минут.

**2-кезең. «Шешендік өнер»**

**Қатысушы ұяшықты таңдайды, таңдалған ұяшықта берілген тақырыптың мазмұнын үш тілде толық ашу (2 қосымша).**

Берілетін уақыт –5 минут.

Бағалау критерийлері (1-10 балл):

- тілдерді меңгеру деңгейі;
- ой орамдылығы мен сапасы;
- тақырыптың мазмұндылығы мен ерекшелігі;
- өзін-өзі ұстауы, берілген уақытын дұрыс пайдалануы.

**3-кезең. Эссе жазу**

**Кездейсоқ таңдау арқылы үш тілде берілген тақырыптың бірін таңдап, сол тілде эссе жазу.**

Эссе кем дегенде 150 сөз болу керек.

Берілетін уақыт – 20 минут.

Бағалау критерийлері (1-10 балл):

- ой-пікірдің жүйелілігі;
- мазмұндылығы;



- грамматикалық сауаттылығы.

4.2. Олимпиада барысында қатысушыларға қойылатын талаптар:

- ұйымдастыру комитеті берген материалдардан басқа материалдарды: анықтамалық әдебиеттерді, электронды құралдарды (ұялы телефон т.б.) пайдалануға тыйым салынады.

- Олимпиада кезінде аудиториядан шығуға рұқсат берілмейді;

- көрсетілген талаптарды сақтамаған жағдайда білім алушы сайыстан шығарылып, жұмысына «0» балл қойылады.

4.3. Олимпиадаға кешіккен және тіркелмеген білім алушылар Олимпиадаға қатыстырылмайды.

## 5. ЖЕҢІМПАЗДАР МЕН ЖҮЛДЕГЕРЛЕРДІ МАРАПАТТАУ

5.1. Олимпиада қорытындысы үш деңгейден өткен қатысушылар арасында жүргізіледі.

5.2. Олимпиада жүлдегерлері болып I, II және III дәрежелі дипломдар алған қатысушылар саналады.

5.3. Олимпиада кезеңдері бойынша үздік нәтиже көрсеткен қатысушылар **номинациялар** бойынша марапатталады:

- «Lingua Master»;

- «Жас қаламгер»;

- «Высокая филологическая культура».

5.4. Олимпиада жүлдегерлерін дайындаған оқытушылардың аты-жөндері дипломдарға жазылады.

5.5. Олимпиада жеңімпазы мен жүлдегерлерді марапаттау салтанатты түрде өткізіледі.

## 6. ОЛИМПИАДАНЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

6.1. Олимпиадаға қатысушылардың іссапар шығындары (жол жүру, тамақтандыру) іссапарға жіберуші тараптан қаржыландырылады.

Өтінім үлгісі:

№	Қатысушының Т.А.Ә. (құжат бойынша)	Оқу орны атауы	Қатысушыны дайындаған (қазақ, орыс, ағылшын тілдері) оқытушыларының Т.А.Ә. (құжат бойынша), байланыс телефондары	Семинарға қатысатын оқытушы (лар)



## 2 кезеңге арналған тақырыптар

1. Talk about the most used apps that are widespread among youth.
2. Talk about the importance of internet.
3. What is “Smart House” in your imagination?
4. Talk about the reasons why do you study English.
5. Describe a situation where you had to communicate in a foreign language for the first time.
6. Talk about the youth favorite style of clothing in modern society.
7. Do you support or oppose the opinion that cell phones should be prohibited in schools?
8. Advantages and disadvantages of having robots in our lives.
9. What in your opinion is more effective: learning in your own or learning with the teacher?
10. Describe a recent invention that surprised you.
11. Современные формы коммуникации.
12. Языковые проблемы современного Казахстана.
13. Актуальные проблемы образования в Казахстане.
14. Выбор профессии – выбор будущего.
15. Здоровый образ жизни как основа успеха личности.
16. Каким я вижу будущее Казахстана?
17. Каким я буду специалистом?
18. Досуг – показатель цивилизованности общества.
19. Согласны ли вы с утверждением, что судьбу книги решает читатель?
20. Счастье в моем понимании...
21. Қазақстандағы соңғы ғылыми жаңалықтар.
22. Көшбасшы деген кім?
23. Ұлттық наным-сенімдердің қоғамдағы орны.
24. Ұлттың өшуі, тілдің өшуінен басталады.
25. Уақыт – адам өміріндегі баға жетпес құндылық.
26. Менің болашақ мамандығым.
27. Қазақтың танымал ғалымдары.
28. Шешендік туа біткен қасиет пе әлде үйренуге болатын өнер ме?
29. Қазақстанның жарқын болашағы үшін менің қосатын үлесім.
30. Көп тілді үйренудің берері мен безері.

№	ФИО	Должность, место работы
1	Утепова Замзагуль Шаймухамедовна	«ШҚО кәсіптік білім беру орталығы» КММ директорының орынбасары
2	Жоканасова Халима Магавьяновна	С. Аманжолов атындағы ШҚУ қазақ және орыс филологиясы және журналистикасы кафедрасының аға оқытушысы
3	Садыкова Нуржамал Ануарбековна	«Оралхан Бөкей атындағы № 44 лицейі» КММ директорының орынбасары
4	Серебрянникова Светлана Анатольевна	С. Аманжолов атындағы ШҚУ шет тілінің оқытушысы